

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІР БЕРГЕН ТӘТТІ СЫЙ

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№96 (3725)
13 желтоқсан 2024

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕГЕМЕНДІК ЕЛ МЕРЕЙІН ӨСІРДІ



Еліміз арман еткен, аңсап күткен тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге де отыз үш жылдың жүзі болды. Шекарасы шегенделіп, азаттығы айшықталған мемлекетіміздің бүгінде мерейі үстем, мәртебесі биік. Көк туы көкте желбіреген, татулығы көпке үлгі болған Қазақстанның ертеңі жарқын, болашағы баянды.

(Соңы 2-бетте)

• ЛЕБІЗ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ІРГЕТАСЫ

Құрметті оқырмандар,
әріптестер!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан Сіздерді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы еліміздің тәуелсіздігін жариялаған ұлы құжат болды. Бұл күн Қазақстан халқының ғасырлар бойы арман еткен бостандығы мен егемендігінен, ұлттың өзінің жолын таңдаған, еркін әрі тәуелсіз өмір сүруге деген ұмтылысынан туындаған ерекше кезеңнің бастауы еді. Тәуелсіздік күні – бұл тек тарихымыздағы маңызды дата емес, сонымен қатар еліміздің әрбір азаматының төккен тері мен жанқиярлық еңбегінің жемісі, біздің ұлттық рухымыздың жоғары көтерілген сәті, ұлы мақсаттарға жету жолындағы бастамамыз.

Тәуелсіздіктің маңызы туралы ойлағанда, біздің ата-бабаларымыздың қайсарлығы мен табандылығы, елінің болашағы үшін күрескен арыстардың бейнесі көз алдымызға келеді. Тәуелсіздікке жету жолы өте қиын және терең ізденістермен өткен ұлы жол болды. Ғасырлар бойы бабалар аңсаған бұл жол 1986 жылғы желтоқсанда ата-бабаларымыздың рухани күші мен ерік-жігеріне сүйене отырып, батылдық пен жанқиярлық танытқан жастарымыздың алаңға шығып еркіндік пен әділдік үшін күресуіне ұласты. Желтоқсан оқиғалары ұлттық рухты қайта жаңғыртып, жаңа, күшті әрі гүлденген тәуелсіз мемлекетті құруға зор серпін берді. Тарихи ерлікті естен шығармау – біздің адамдық борышымыз, себебі бұл оқиғалар Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаудың алғашқы қадамдары болды.

Тәуелсіздік – бұл тек саяси еркіндік ғана емес, ол сондай-ақ мәдени, рухани, әлеуметтік және экономикалық бостандықты да білдіреді. Осы бір ғана сөздің астарында бүкіл халықтың әл-ауқаты, болашақ ұрпақтың өркендеуі, біздің еліміздің әлемдік аренада өз орнын алу жолындағы қажырлы еңбегі жатыр.

Президентіміздің жетекшілігімен елімізде әр салада көптеген реформалар жүргізіліп, мемлекетіміз халықаралық қоғамдастықта лайықты орнын ала бастады. Алда тұрған қиындықтар мен ғаламдық дағдарысқа қарамастан, Қазақстан өз әлеуетін арттыра отырып, экономикалық және әлеуметтік, саяси даму жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

(Соңы 3-бетте)

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КҮРКІРЕП ӨТТІ-АУ СОЛ КҮНДЕР

Желтоқсандағы жаңбыр

Тәуелсіздік туын тіккен Қазақстан үшін 1986 жыл өшпестей боп тарихта қалды. Өткен ғасырдың соңғы онжылдықтарындағы бұл елеулі оқиға – Желтоқсан көтерілісі – асырып айтқандық емес, әлемді дүр сілкіндіргені рас. Алматыдағы Л.Брежнев атындағы алаңда қазақ жастарының намыс-жігерге толы кеудесін солдаттардың саперлік қалақша-күректеріне қарсы қоюы жетпіс жыл тоталитарлық жүйеде өмір сүрген мемлекеттердің бұғаудан шығуына бірден-бір бастау-бұлақ болғаны даусыз.

Мезгілі жетіп піскен жеміс түспей, үзілмей қоймайды. Бұл да көп жыл шешімін күткен ең күрделі мәселенің бірі еді. Сол кезеңде дүние есігін ашқан жастар Желтоқсан көтерілісіне қатысты мәліметтерді естіп, дерек көзінен оқып есейді. Қыршын кеткен Қайрат Рысқұлбеков сол кезде небәрі 21 жаста еді ғой!

1986 жыл. Алматы өңіріне қар қалың түсті. Көп кешікпей желтоқсан айының басында күшіне енген қыс айында, құдайым-ау, найзағай ойнап, күннің күркірегенін қайтерсің! Нөсерлетіп жаңбыр жауды. Ол қарды сығымдап, сірестірген көктайпақ мұзға айналдырды. Қызметім Алматы облыстық «Жетісу» газетінде болғанымен, қаланың сыртында тұрушы едім. Автобустан түскен соң, тура 1,5 шақырым жаяу жол жүретін мен үйіме жеткенше мұзға неше мәрте құлап-сүрініп, әрең келетінім әлі күнге есімде.

Үлкендердің екі-үш күн қатарынан көкте найзағай ойнап, қыстағы беймаза көрініске қарап: «Құдай өзі сақтасын! Жаман ырымның бастамасы болмасын бұл. Соғыс басталатын 1941-ге ауысатын жылғы қыста дәл осындай найзағай ойнап еді» дегендерін естіп, мұны қалайда жамандыққа емес, жақсылыққа ырымдап жорығанымызбен, тәңірім сол жылы бәрібір төңкеріс жасауға әкеп бір-ақ тіреді. Бірақ бұл төңкеріс біздер үшін, қандастарымыз үшін тым қымбатқа түсті.

Бас редактордың бөлмесінде

1986 жылғы оқиға жаңа өрбу алған 16 желтоқсан күні мен редакцияда түнеп шықтым. «Жетісу» газеті бас редакторының кабинетінде, басшының үлкен жұмыс үстелінде жаттым дегенім болмаса, таң атқанша көз ілгенім жоқ. Бір жатып, бір тұрып, слегізумен болдым. Редакциямыз көк базардың тура қарсы бетіндегі көп қабатты әйнектелген көк үйде. Республикалық бүкіл газет-журнал, облыстық, қалалық барлық басылымдар бүгінгідей әр жерде емес, бір ғимаратқа шоғырланған. Тоғыз қабаттың біз 6-қабатындамыз. Көрпесіз, жазық тақтай үстел жамбастан өткен соң, қайта-қайта терезеге келіп, тау жаққа қараймын. Қала шамдары жымылдап тұр. Бәлендей ештеңе білінбейді.

Күндіз осы оқиғаға қатысты Фрунзе аудандық партия комитетіне (бүгінгі Медеу ауданы) шұғыл төтенше жиынға барып келген бас редактор Баймолда Мусин ағай дереу бүкіл редакция

қызметкерлерін жиып, оқиғадан қысқаша хабарлар еткен. «1917 жылғы Октябрь төңкерісі кезінде алдымен пошта, байланыс орындары басып алынған. Сондықтан редакцияға түнгі кезекшілікке бір адам қалу керек» деп шешкен редакция басшылығының ұйғарымы маған түскен.

Таңды да атырдым-ау, әйтеуір. Сағат 9-да редакция ұжымы да түгел жиыла бастады. Бәрінің көңілі жабырқау, қабағы түсіңкі. Қайда болса да күбір-күбір, сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр әңгіме. Әңгіме төркіні түсіңкі. «Елімізді талай жыл басқарған Д.Қонаевтың орнына бізден адам табылмағаны ма?! М.Горбачев Г.Колбинді сырттан неге бізге жібереді!?» Орыс, неміс, ұйғыр редакциялары да бар бұл ғимаратта. Журналистер бір-бірімізді бір жерде отырған соң, жақсы танимыз. Мына оқиғадан кейін өзге ұлт өкілдері мен біздің аразымызға сызат түсе бастағаны салқын сөйлесулерінен айқын сезіледі. Емен-жарқын бұрынғыдай ашық әңгіме жоқ. Сондайда ұйғыр редакциясында істейтін бір әріптесіміздің: «Қазақты қоя алмасаңдар, ұйғырдан қою керек» деп салғаны. Онсыз да ыза кернеп тұрған біздің жігіттердің бірі: «Бірінші хатшы болған Юсуповтың әлек-кылығы да жетеді.

(Соңы 4-бетте)

• СҰХБАТ

– **Саясаттанушы ретінде Республика күні мен Тәуелсіздік күні арасындағы байланысты тарқатып айтып берсеңіз?**

– Тәуелсіздік идеясы бүкіл халық армандаған, аңсап күткен үлкен, ұлы идея ғой. Егер Республика мен Тәуелсіздік күні арасындағы байланысқа келетін болсақ, 1990 жылы 25 қазанда Егемендік туралы декларация қабылданды. Онда Қазақстан болашақта қандай ел болу керек деген идеялардың бәрі айтылды. Біздің тіліміз, жеріміз, мәдениетімізге қатысты тәуелсіздік нормативі онда толық жазылды. КСРО құлаған соң 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» заң қабылдадық. Онда да декларациядағы идеялардың барлығы бар. Бірақ бұл заңның қабылдануы мен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басталған күні қатар келіп тұр. Онда сол кездегі билік басындағылар Желтоқсан көтерілісінің жалпы әлеуметтік, саяси маңызын түсіру, тіпті оны ұмыттыру үшін бір құйтырқылық әрекет жасады. Сол кезде Президент болып тұрған Нұрсұлтан Назарбаев заңды әдейі сол күні қабылдануға әкелді ме деп ойлаймын өз басым.

Желтоқсан көтерілісінің айтылған, айтылмаған құрбаны көп. Алматының өзінде көтеріліске 35-40 мың адам қатысқан. Ереуілдер Шымкент, Семей, Өскеменде де болған. Билік басындағылардың атүсті қабылдаған асығыс шешіміне наразылық білдіріп, ереуіл жасап көшеге шыққандар еліміздің бірқатар аудан орталығында да болған. Осындай жалпыхалықтық көтерілісті Желтоқсан құрбандарын еске алу күні, Саяси күрескерлер күні, Тәуелсіздік үшін күрескерлер күні ретінде атап өтуге болады. Бірақ Ұлттық мейрам ретінде 25 қазандағы Республика күнінің белгіленуі дұрыс.

– **Тәуелсіздікпен кейінгі Қазақстан тарихы түгенделді ме?**

– Түгенделіп болған жоқ. Соның бірі – 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы. Ол әлі зерттелген де, жазылған да жоқ. Мен бір мақаланы жаңадан дайындалып жатқан жеті томдық жинаққа ұсынып едім, «бұл мәселе әлі зерттелуі тиіс, құжаттар архивке түсуі керек. Сенде архив материалдары жоқ екен» деп енгізбеді.

Сосын 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі еріксіз еске түседі. Оның да шындығы ашылмады. Онда ұйымдастырушы болғаны анық. Сол сияқты онда қанша адам қайтыс болғаны да белгісіз. Ғалымдар 50-60 адамның ғана аты-жөнін біледі. Ал Қаңтар оқиғасында қайтыс болған 238 адамның тізімі жарияланды. Әлі де бар болуы мүмкін. Оны кім ұйымдастырды, оған биліктің қатысы қандай, неге ҰҚШҰ әскері шақыртылды? Оны да талдау маңызды.

Бізге қалай олигархиялық капитализм қалыптасты? Неге халықтық капитализм қалыптаспады? Бұған ҚР Тұңғыш Президенті мен Үкімет басшыларының қатысы қандай? Қоғамдық, экономи-

калық қатынасты, жалпыхалықтық меншікті бөлшектеп, капиталистік меншікке айналдыру процесі қалай жүргені де әлі дұрыс зерттелген жоқ. Көбі бізде басқа жол болған жоқ дейді. Ол қаншалықты дұрыс? Оған да нақты жауап жоқ.

– **Өз басым жан-жаққа тарыдай шашылып, босып кеткен қазақты түгендеу, Атажұртқа жинауды Қазақстан тарихындағы ең маңызды оқиға дер едім. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?**

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері:

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН БІРІКТІРІП ТҰРҒАН – ҚАЗАҚ ҰЛТЫ»

– Ол дұрыс. Бұл бағытта біраз жұмыс жасалып, біраз дүние істелді. Мысалы, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты 1931-33 жылғы ашаршылық туралы 20 томдық естеліктер жинағын дайындап жатыр. Онда облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардан бір-бір томнан әзірленеді. Қазір естелік айтатын адам азайып қалды, бірақ бар. Олардың естігені мен көргенін жазып алып қалу керек.

– **Қоғамдық ұйымдар туралы сөз болғанда ең алдымен ауызға Қазақстан халқы Ассамблеясы ілігеді. Мемлекет құраушы негізгі ұлт өкілдерінің кемінде үштен бірі әлі сыртта жүргендіктен, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына да Ассамблея секілді ерекше мәртебе беруге бола ма?**

– Тәуелсіздік жылдары Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы деп аталатын қоғамдық ұйым құрылды. Біраз шаруа жасалды. Содан кейін билік ақырындап сыртқы көші-қонды саябырсытты. Өйткені ширек ғасыр ішінде Қазақстанның этнодемографиялық картасы өзгерді. Қазақтар халықтың 72-74 пайызын құрады. Біз моноұлттық мемлекетке айналып келе жатырмыз. Себебі қазақтың демографиялық әлеуеті, өсу деңгейі бар. Екіншіден, сырттан көшіп келетін ағайынның әлеуметтік жағдайын жасау керек. Оған әлемдік және аймақтық геосаяси жағдай өз әсерін тигізуде. Мен осы арада аймақтық геосаяси ахуал тура-

Қазіргі жастардың ең үлкен жетістігі бәрі өзінің қазақ екенін біледі. Басым көпшілігі қазақша сөйлейді. Тәуелсіздік деген ең басты құндылық деп есептейді бәрі. Бақыттың бір қыры – тәуелсіздік. Қазақстан халқының 95 пайызы тәуелсіздікті бақыт деп есептейді. Бұл – ұлттық идеологияның жетістігі.

лы жайдан-жай айтып отырған жоқпын. Қазақтың көбейіп, күшеюіне екі бүйіріміздегі көршілеріміз мүдделі емес. Сондықтан геосаяси мәселе қазақтың бірігуіне бөгет болып отыр. Егер еліміз «ата-бабам қазақ, біз түрлі себеппен тарихи отанымыздан жырақта қалдық» деген адамның бәрін қабылдаса, халық саны қазіргіден әлдеқайда көп болуы анық. Осы арада мына бір жәйт есіме түсіп отыр. Тәжікстанда 5 мыңдай қазақ тұра- тын ауыл бар. Олар Қазақстанға көшіп келетін десе, өздерінің қазақ екенін дәлелдей алмай жүр. Кезінде бәрі өзбек боп жазылған. Енді тәжіктер бұларға «тәжік боп жазылып, қазақша аталатын ауылдың атын өзгертесіндер» дейді екен. Мұндай жағдай өзге елдерде де аз емес. Сондықтан геосаяси ахуалға байланысты Қазақстан сыртқы көші-қонды жандандыруда көршілердің қас-қабағына қарауға еріксіз мәжбүр болып отыр.

– **1990 жылдардағы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар белсенділігінің төмендеуіне не әсер етті?**

– Бізде тәуелсіздік жылдары авторитарлық жүйе қалыптасты. Н.Назарбаев пен міндеті саяси партиялардың, азаматтық қоғам ұйымдарының болуына мүдделі болған жоқ. Бізде жасанды демократия жасалды. Саяси партиялар да, азаматтық қоғам ұйымдары да, баспасөз де бар, бірақ бәрі шектеулі. Сондықтан саяси жүйеде түбегейлі өзгеріс болмаса, экономикалық жүйеде түбегейлі өзгеріс болмайды.

– **Тәуелсіздік қайраткері деп кімдерді айтуға болады?**

– Тәуелсіздіктің барлық процесін басынан кешкен Серікболсын Әбділдин мен Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ сол кезде биліктің түрлі саласында қызмет жасап, тәуелсіздіктің нығаюына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлғалар мен Салық Зиманов, Сұлтан Сартаяв

біріктіріп тұрған – қазақ ұлты, қазақтық рух, мәдениет, музыка, өнер.

– **Бізге ұлттық идеология бар ма?**

– Ұлттық идеология толық қалыптасып болды деуге болмайды. Ұлттық идеологияны жасайтын – тіл, мәдениет, өнер, менталитет. Бірақ бәрі толыққанды қызмет жасап отырған жоқ. Ол әлі де қалыптасу үстінде. Мәселен, қазіргі жастардың ең үлкен жетістігі бәрі өзінің қазақ екенін біледі. Басым көпшілігі қазақша сөйлейді. Тәуелсіздік деген ең басты құндылық деп есептейді бәрі. Бақыттың бір қыры – тәуелсіздік. Қазақстан халқының 95 пайызы тәуелсіздікті бақыт деп есептейді. Бұл – ұлттық идеологияның жетістігі.

– **Билік органдарының қызметіне көңіліңіз тола ма? Алдағы жылдан күтетін үмітіңіз қандай?**

– Заң шығарушы билік соңғы кезде оң өзгеріс бар. Депутаттар халықтың жанайқайын Парламентте көтеріп, мәселені атқарушы биліктің алдына қойып жүр. Алайда бәрі бірдей белсенділік көрсетеді деп те айта алмаймын. Өзірше санаулы адам ұлттық идеологияның өзекті мәселелерін үздіксіз көтеріп, оған биліктің түрлі органдарының көңілін аударуда. Ал атқарушы билік үмітті ақтап отырған жоқ. Сол себепті 2025 жылы да түбегейлі өзгеріс болмайды.

Сот қызметіне де сенім әлі төмен. Позитивті өзгеріс болғанмен, түбегейлі емес. Халық «занда не айтылса, сол болады» дегенді әлі сезіне алмай отыр. Атқарушы биліктің лауазымды тұлғаларының сыбайластық пен жемқорлық әрекеттері анықталса, олар түгел сотталу керек. Окінішке қарай, бізде мұндай жағдай әлі сирек кездеседі. Мәселен, сыртқа кеткен активтерді қайтару туралы заң қабылданды. Оның көлемі 300 млрд долларды құрайтыны айтылды. Алайда заң қабылданғаннан бергі бір жылда тек 1 млрд доллар ғана қайтарылды. 300 млрд доллар деген бізгегі үш жылдық жиынтық ішкі өніммен тең. Егер оны қайтарсақ, бюджет кірісіндегі тапшылықтың орнын толтырып қоймай, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін маңызы бар жобаларды кең ауқымды жүзеге асырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік алар едік. Оған сот билігінің құдыреті, күші жетеді. Заңсыз иемденген активтерін қайтарған өзiрге тек Қайрат Сатыбалды мен Қайрат Боранбаев қана болып тұр. Халық өзге ешкімнің атын білмейді. Ал шетелде кімнің, қанша активі барын халық тәуелсіз ақпарат құралдары арқылы естіп, біліп отырғанда, құзырлы органдардың одан хабарсыз болуы мүмкін бе? Өрине, жоқ. Сондықтан билік органдарының қызметі халықтың көңілінен шығуы үшін, алдымен соттар үлгі көрсетіп, өзін оң жағынан көрсетпейтін болса, өзгелерінен үміт аз.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕГЕМЕНДІК ЕЛ МЕРЕЙІН ӨСІРДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дамудың даңғыл жолына түскен елімізде көңіл қуантатын жетістіктер аз емес. Осы жылдар ішінде егемендік ел мерейін өсірді, ер еңесін тіктейті. Өсіресе, мемлекеттегі әділдік пен туралықтың тірегі саналатын сот саласы тәуелсіздік жылдары адам танымастай өзгерді. Мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі тың бастамаларға толы. Бұған мемлекет тарапынан жасалған тұрақты қамқорлықтың оң әсер еткені анық. Сол жұмысын жүйелеп, судья мәртебесін арттыратын тетіктер Конституциядан бастау алған болатын. Ал 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заң отандық сотты қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды тұғырына айналды.

Өткенсіз бүгін жоқ. Алысқа көз тігіп, жоспар құрар кезде өткенді ескеп, бар мен жокты бағамдап алудың пайдасы зор. Сондайда тәуелсіздік түлеткен сот құрылымындағы қадау-қадау жаңашылдықтар сырғып көз алдынан өтеді. Егемендік жылдарында қол жеткен

жетістігіміз баршылық. Салыстырмалы түрде айтқанда, бұрынғы сот ғимараттары мен қазіргі сот ғимараттарының келбеті мүлде бөлек. Қазір облыстық, қалалық соттарды былай қойғанда, шалғайдағы аудандық сот ғимараттарының өзі еңсесі биік, материалдық жағдайы жоғары. Қауіпсіздік, ашықтық, қолжетімділік мәселесінде де айтарлықтай алшақтық бар. Сот ғимаратында судьялардың алаңсыз жұмыс істеуі тұрмақ, сотқа келушілерге де қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Судьялардың әлеуметтік жағдайы жақсарып, сот қызметі материалдық-техникалық жақтан толық қамтамасыз етілген. Соның арқасында баяғыдай көлік іздеп, қағаз-қаламды өз қаражатына сатып алып, құжаттарды машинкаға қолмен басып отырудың ауылы келмесе кетті. Барлық сот залдары дыбыс-бейнежазу құрылғыларымен жабдықталғандықтан, енді судьяларға ғана емес, сот хатшыларына да хаттама жазып, әуре болудың керегі жоқ.

Мамандандырылған соттардың құрылып, алқабилер институтының тәжірибеге енгізілуі де сотқа деген сенімді нығайтудың пәрменді тетігі саналады. Жалпы, маманданды-

рылған соттар судьялардың белгілі бір салаға бейімделіп, істерді сапалы, сауатты қарауына жол ашса, алқабилер институты қарапайым азаматтардың сот процесіне қатысып, төрелік етудің қыр-сырын жетік білуіне ықпал етті.

Сот жүйесінде болған өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұрғынның өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне деген сенімін күшейтті.

Осы сындарды өзгерістердің қатарына соңғы жылдары тәжірибеге енгізілген әкімшілік әділет институтын да қосуға болады. Сондай-ақ келер жылдан бастап кассациялық соттардың жұмысын бастайтын заңмен бекітілді. Мұндай іргелі жаңашылдықтар қазақстандық соттың бүгінгі жетістікпен шектеліп қалмай, үнемі ізденіс үстінде, әрдайым даму жолында келе жатқанын көрсетсе керек. Егемендік есейткен құрылымның ел ықыласына бөленіп отырғаны да сондықтан.

Әнуар ДӘУРЕШОВ,
Атырау облыстық сотының судьясы

• ПІКІР

Әлемде қаншама ұлт пен ұлыс бар. Соның ішінде екі жүзге жуық ел ғана тәуелсіздігін айшықтаған. Егеменді мемлекет екенін әлем мойындаған бақытты елдің бірі – Қазақстан.

МӘҢГІЛІК БОЛСЫН ЕЛДІГІҢ!



Бағдат СЫДЫҚ,
Алматы гарнизоны әскери соты әкімшісінің бас маманы

Біз – осындай бақ қонған, бақыт мекендеген дүниежүзіндегі санаулы мемлекеттің азаматымыз. Өзіміздің туған жеріміз, мемлекеттік тіліміз бар. Көк байрағымыз көңілімізді тасытып, әнұранымыз рухымызды асқақтатып. Бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған тәуелсіздіктің тұғырын биіктетіп, тамырын тереңге жіберу – біздің басты борышымыз.

Расында, егемендіктің арқасында қол жеткізген жетістіктеріміз аз емес. Азаттық қазақ балаларының арман-мақсатын шындыққа айналдырды. Шетелде білім алып, шеберлігін шыңдаған жастардың талантына, талабына сүйсінетіндер көп. Осындай бірегей жастар Қазақстанның атын әлемге танытып, ұлттың атын ұлықтауда.

Сауатты жастардың өсуіне сот жүйесінде да барлық жағдай жасалған. Соның арқасында заңгерлік білім алған жастар сот саласында тәжірибесін шыңдап, ел алғысына бөленіп жүр. Сот қызметінің қыр-сырын меңгеріп, халықпен етене араласып, аға буынның тәлімгерлік мектебінен өткен, заңдарды бес саусағындай білген жастар ертең сот корпусын сауатты кадрлармен толықтырарына сенім мол.

Тәуелсіздік жылдарында отандық сот өсті, өрледі, халықаралық үлкен шыға білді. Ал осы мәртебе мен беделге көлеңке түсірмеу үшін жастарға көп еңбектену, іздену керек. Егемен елдің соты да халық талабына сай болуы үшін барымызды салуға тиіспіз. Осындай ұлық мереке қарсаңында сот құрылымында еңбек етіп, әділдік алаңында тер төгіп жүрген барша әріптесімді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Елдігіміз мәңгілік болсын!

• ЛЕБИЗ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ІРГЕТАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жетістіктерге негіз болған басты фактор – еліміздегі тұрақтылық, ұлт бірлігі және азаматтар арасындағы келісім. Осы тұрақтылық пен келісім болашағымыздың іргетасы болып қалатыны сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен бейбітшілікте әрі достық қарым-қатынаста өмір сүруде. Біздің еліміз халықаралық келісімдерге қол қойып, маңызды халықаралық ұйымдардың мүшесі болып, әлемдік қауымдастықта өз сөзін айта алатын деңгейге жетті. Қазақстандықтар өзінің қажырлы еңбегімен әлемге танымал болды.

Тәуелсіздікке қол жеткізу – бір сәттік қуаныш емес, бұл ұлы еңбек пен жауапкершілік. Ел тәуелсіздігін алған сәттен бастап, әр азаматтың алдында мемлекеттің болашағы үшін қызмет ету міндеті тұрды. Әрбір қазақстандықтың қолынан келетіні – өз Отанын сүю, оны дамыту жолында адал еңбек ету. Тәуелсіздік – ортақ құндылық. Ол – тек тарихтың, мемлекеттің немесе саясаттың емес, барлық азаматтың қолындағы мықты құрал. Сонымен қатар, тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, еліміздің тұрақты дамуына және заң үстемдігін қамтамасыз етуге сот жүйесінің, оның ішінде судьялар қауымдастығының атқаратын рөлі ерекше маңызды екенін атап өткім келеді.

Сот жүйесінің тұрақты дамуы – құқықтық мемлекеттің басты негізі, себебі әділ сот төрелігі елдегі заңдылықты сақтауға, азаматтардың құқығын қорғауға және қоғамдағы әділдік пен теңдік принциптерін орнықтыруға бағытталған. Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында сот жүйесі үлкен жауапкершілік арқалайды. Ол еліміздің болашағын айқындауда маңызды рөл атқарып, мемлекетіміздің демократиялық да-

муына қосымша серпін береді. Тәуелсіздіктің негізгі қағидаларының бірі – заң алдындағы теңдік пен әділдіктің қамтамасыз етілуі. Судьялар қауымдастығы бұл үдерістің көшбасшысы ретінде Қазақстанда әділетті, құқықтық және тең құқылы қоғам құрудағы маңызды күш болып табылады.

Біз үшін Тәуелсіздік – асыл мұра. Ол – біздің болашақ ұрпағымызға қалдыратын ең құнды байлығымыз. Тәуелсіздіктің қадірін ұғыну, оны сақтау – міндетіміз. Ал бұл үшін әрқайсысымыз өз ісімізде адал, жауапкершілігі жоғары, еңбекқор болуымыз қажет. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан реформалар мен бағдарламалар жастарға үлкен мүмкіндік ашып отыр. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, елімізді дамытатын, әлемдік аренада жоғары көтеретін азаматтарды тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

Тәуелсіздігіміздің 33 жылдығы бізге бейбітшілік, тұрақтылық пен өркендеу жолында өткенімізді еске түсіруге, алдағы мақсаттарымызды айқындауға мүмкіндік береді. Елдің бірлігі мен бейбітшілігі – бұл біздің басты құндылығымыз. Бірлігіміз жарасып, татулығымыз берік болса, Тәуелсіздікті мәңгі сақтап қаламыз.

Құрметті оқырмандар, әріптестер! Сіздерді Тәуелсіздік күнімен тағы да құттықтай отырып, жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амандық және елімізде әділдік пен заңдылықты нығайту жолындағы абыройлы қызметтеріңізге үнемі жетістік тілеймін. Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен өркендеуі үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз аса маңызды әрі бағалы. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

**Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,
ҚР Судьялар одағының төрағасы**

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Ермек БАЙБОЛОВ, Желтоқсан көтерілісінің қатысушысы:

«АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ ОҢАЙЛЫҚПЕН АТПАДЫ»

– Ермек аға, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы сіздің өміріңізде үлкен із қалдырған болар. Сол оқиғалардан бастасаңыз.

– Желтоқсаны оқиғасының жарасы жазыла қойған жоқ. Мен 1986 жылы мектепті бітіріп, Алматыға оқуға келдім. ҚазГУ-ге құжаттарымды тапсырған едім, бірақ өте алмадым. Ауылға қайтып баруға намыстанып, №14 кәсіптік-техникалық училищесіне құжаттарымды тапсырдым. 1986 жылдың 17 желтоқсанында курстасым Әукебаев Талғатпен бірге «Самал» ықшамауданында практикадан қайтып келе жатқан едік. Жұмыстан сағат 16:00 шамасында шыққанымызда, алдымыздан үлкен жігіттер шығып, «Ей, батырлар, алаңға неге бармайсындар?» деді. Біз себебін сұрағанымызда, олар: «Қазақтар көтеріліс жасап жатыр!» деп мән-жайды түсіндірді. Бұл сөздер жүрегімізді дір еткізді. Алаңға баруға шешім қабылдадық.

– Алаңға келгенде нені көрдіңіздер?

– Біз жақындағанда алаңды жан-жақтан әскер қоршап тұр екен. Бұл көрініс алаңдасқа да, қызығушылық жеңіп, топ ішіне қосылып кеттік. Жастардың қатарына қосылып, бірге ән айттық. Бір уақытта әскерилер алаңдағы жастарды қысып, күшпен тарата бастады. Сол сәтте досым Талғатты таба алмай, жан-жақтан іздей бастадым. Әскерилердің арасынан өтуге тырысқаныма, бір орыс жігіт итеріп жіберді. Жауап қайтарғаныма, резеңке сойылмен басымнан ұрып, есімнен тандырды. Есімді жисам, жерде жатыр екенмін. Солдаттар сүйрелеп, көлікке отырғызды. Басыннан қан ағып, үстімдегі киімім қып-қызыл қан болды. Сол жерде біреуі «мамбет, малақайыңды ал» деп мазактап, бөрігімді лақтырып жіберді. Төрт адамдық көлікке 10-15 адамды тығып тастады. Көлікте Талғатты көріп, бір жағынан қуандым, бірақ қорқыныш та жоқ емес еді. Ол кезде небәрі 17 жастамыз. Кешке қарай бізді Алматы аудандық ішкі істер бөліміне жеткізді. Подвалға түсіріп, бір камераға 20 адамды қамады. Ол жерде бір түйір нан да, бір тамшы су да бермеді.

– Қапасақа қамағаннан кейінгі жағдайларыңыз да оңай болмаған шығар?

– Таңғы 4-тер шамасында қолымызды қайырып, далаға алып шығып, иттердің көмегімен «Урал» көлігіне

отырғызып, Сейфуллин-Ташкент көшесіндегі түрмеге алып келді. Сол жерде бізді өте қауіпті қылмыскерлер сияқты қатаң бақылаумен кіргізді. Талғатты сол кезде соңғы рет көрдім. Одан кейін ұзын дәлізде бәрімізді теріс қаратып, аяғымыздың ұшымен қолымызды басымызға қойып отырғызды. 10-15 минуттан кейін бәріміз құлай бастадық. Құласақ, 5-6 солдат резеңке сойылмен ұрып, қайта отырғызды. Ұсталғандардың алғашқылары болғандықтан ба, бізді тыржалаңаш шешіндіріп, су шашты. Содан соң 10 адамдық камераға 30-40 адамды қамады. Күні бойы 4 сағаттан тергеу жүргізді. Менен бір құжаттарға қол қоюымды талап етті, бірақ бас тарттым. «Сен КГБ қызметкерін ұрып, ауыр жарақаттадың» деп айыптады. Қол қоймаған соң, ұрып-соғып, жеке камераға қамады. Мені алып бара жатқанда, үлкен жігіттердің жаны ашып: «Інім, жеке камераға отырғызатындай не істеп қойдың? Сені ауыр жазаға тартайын деп тұр ғой», – деді. Олар ҚазГУ-дің 5-курс студенттері еді. Біреуі маған ешнәрсеге қол қоймауымды ескертті. Жеке камерада үш күн жаттым. Қарным ашып, бір тілім нан беруді сұрап айқайладым. Сол кезде тамақ тасып жүрген бір жазасын өтеуші маған жаны ашып, бір тілім нан берді. Кішкене су ішіп, нан жеп, әлденіп алған соң еш нәрседен қорықпадым. Қайта-қайта ұрып-соқса да, қол қоймадым. Ақыры төртінші күні мені жігіттердің қасына қайта қосты. Жігіттер қуанып, «нағыз батырсың» деп жатты. Содан қанша күн болғаны есімде жоқ, әйтеуір, бостандыққа шықтым.

– Желтоқсан оқиғасына қатысуыңыздың салдары қандай болды?

– Бұл оқиғаның зардабы оңай болмады. Түрмеден шыққан соң жиен әпкемнің үйіне тарттым. Үсті-басым сыр мен бояуға малынып, етігімнің өкшесі түсіп қалған, ақсандап келе жатқаныма, алдымнан әпкем шығып, түрімді көріп, жылап жіберді. Ол мені қанша күннен бері іздеп таппаған екен. Содан бір ай бойы үйден шығармай ұстап отырды. Ақыры, олар да менің зияным тиіп кете ме деп қорқып, жатақханаға қайтуымды өтінді.

Содан жатақханаға оралдым. Тергеу әлі де жүріп жатты. Қаладан шықпау туралы қол қойғызып алды. Әр апта сайын тергеуге шақырып тұрды. Үш ай өткен соң Мәскеуден

комиссия келіп, мені тергеуге алды. Сонымен қатар, ауған соғысына әскери борышымды өтеуге барамын деп өтініш жаздыртты. 18-ге толғанда әскерге шақыра бастады. Ол жерден бірнеше рет қайтарды. 7 шілдеде мені Челябинск облысы, Чебаркөлге әскери борышымды өтеуге жіберді.

Ол жерде де «желтоқсаншы» деп бетіме басты. Жартыжылдық дайындықтан соң, мені Ауғанстанға жібермек болды. Ауғанстанға жіберетін кезде, совет әскерлерін шығаруға бұйрық келді. Сондықтан мен сол жерде қалдыруды сұрадым, бірақ өтіншім қабылданбай, Германияға жіберді. Германияда мені бақылауды аға лейтенант Ждановқа тапсырды. Ол жердегі бастан өткендерді айтатын болсам, бір кітап жазуға болар еді. Сөйтіп, үздік әскери қызметім үшін алғысхат алып, елге оралдым. Келе салып, ҚазГУ-ге қайта құжаттарымды тапсырдым, бірақ түсе алмадым. 1992 жылға дейін төрт рет тапсырдым, бірақ бәрінің айтатыны – «желтоқсандықпын». Содан үмітімді үзіп, жұмыс істеуге бекіндім. Үйдің үлкені болғандықтан, артымдағы бауырларыма көмектестім. Ресейге барып жұмыс істеп, бауырларымызды аяқтандырдым. Қазір екі ұл, бір қызым және екі немерем бар.

– Ресми ақталдыңыз ба?

– 30 жыл өткен соң баяғы Желтоқсанға бірге барған Әукебаев Талғатты кездестірдім. Ол өзі мені тауып, «желтоқсандықтарды» үкімет қолдап, ұйым ашып жатқанын айтты. Содан бір журналист қыз «желтоқсандықтар» туралы «Найзағай намыс» деген кітап жазып жатқанын және сол кітапқа мені де қосқанын хабарлады. Екеуіміз Желтоқсан көтерілісін еске

алып, көзімізге жас алдық. Маған да ұйымға кіріп, ақталуымды ұсынды. Содан Түркісіб ауданына барып, сотқа арыз тастадым. Судья Қаламжанова сотта мені ақтап шығарды. Куәгерлер ретінде Әукебаев Талғат, әпкем Әділбекова Әлия, жатақханада бірге тұрған достарым Таласбаев Ерлан мен Тәліпов Жалғас та қатысты. 2017 жылы ақталып, қолыма куәлік алдым. Құжаттарды әкімшілікке тапсырып, мені «Желтоқсан оқиғасына 30 жыл» медаліне ұсынды. Жетісу ауданының әкімі грамота мен медальді табыстады. Алаға шүкір, үкімет «желтоқсандықтарды» назардан тыс қалдырмай, өмір бойына «Оңай» картасын тегін қолдануға мүмкіндік берді, сондай-ақ жылына бір рет ақшалай көмек көрсетіп жатыр.

Сол қасіретті күндердің салдары денсаулығым да әсер етті. 20 жыл бойы емханада жоғары қан қысымымен тіркеудемін. Осы күнге дейін ешкімнен ешнәрсеге сұраған емеспін. Мені қызылжылтатыны – қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың «желтоқсандықтар» туралы білмейтіні. Сондықтан Желтоқсан көтерілісі туралы жастарға көбірек айтылып, егемендіктің кімдердің арқасында келгенін түсіндірсе екен деген тілегім бар.

– Тізіңізден ерген жастарға айтарыңыз бар ма?

– Менің өмірімде Желтоқсан оқиғасы терең із қалдырды. Сол күндердің куәгері ретінде жастарға айтарым көп. Бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңі. Біз азаттық ақ таны оңайлықпен атпағанын ұмытпауымыз керек. Сол азаттық үшін күрескен талай боздақтың өмірі қиылды, талай адамның тағдыры өзгерді. Бұл – біздің тарихымыз әрі мақтанышымыз. Сондықтан әрбір жас буын Желтоқсан көтерілісінің мәнін түсініп, еркіндік үшін күрескен жандардың рухын құрметтеуі керек. Қандай қиындық болмасын, жастар ұлттық намыс, адамгершілік құндылығын жоғалтпасқа екен. Тәуелсіздік – үлкен сый. Ол сыйды сақтау – әрқайсымыздың міндетіміз. Ұлтқа адал қызмет ету, қазақтың намысын биік ұстау, туған жерге, мәдениетке және тілге деген құрмет – әрқайсымыздың парызымыз.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

• ЕСТЕЛІК

АЗАМАТТАР АМАН БОЛСЫН!

Желтоқсанның жанға салған жарасы көп. Оқиға орын алғанда 19 жасқа да толмаған едім. Ол кезде Нарынқолда автобусте кассирмін.

«Алаңда қазақ қыздарын ұрып жатыр, көмек керек» дегенді естіген соң, ауданның жігіттері желпініп жинала бастады. Оларға көмек болсын деп таңғы бесте жұмысқа келіп, жүз отыз бес билетті кассадан шығарып, жігіттердің қолына ұстаттым да, үш «Икарусты» жолға шығардым. Ертен не болады деп ойлауға шама қайда? «Қазақ қыздарын қорғау керек» деген ұран ғана санамда жаңғырып тұр. «Автобусты ұрлады деп бізді соттайды, құжат керек» деген соң, ойланбастан диспетчер бөлмесіне кіріп, құжатқа мөр басып, өзімнің аты-жөнімді жазып қол қойдым.

Сөйтіп, үш автобус Алматыға кетті. Сағат таңғы жеті. Диспетчер, бас кассир, бастық жұмысқа келді де, айқайға басты. Алматыға баратын адам көп, автобус жоқ. 135 билет сатылған, бірақ ақшасы жоқ. Диспетчер бөлімінің мөрі столдың үстінде жатыр, журналда үш автобустың нөмірі жазылып, астында менің аты-жөнім жазылып, қол қойылған. Жауаптылықтан қорыққан басшылар үстімнен арыз жазып, милиция шақырып, ұстатып жіберді.

Бұл менің өмірімдегі ең ауыр күндер еді. Бірақ қанша қыспаққа алса да, ұйымдастырушы жігіттердің біреуінің атын айтпадым. «Бәріне мен кінәлімін, өзім істедім», – деп жылй бердім. Шынымды айтсам, осы оқиғадан кейін есейіп кеттім. Ұжымдағы үлкен кісілер маған «ұры, сатқын, кассаны тонадың, халық жауы, мұндайларды ату керек» десе, милициядағы қазақ жігіттер, тергеушілер мазак етіп: «Бітті, енді сотталасың! Анаңа да жаның ашымай ма?» деп мысқылдап, әбден намысыма тиді. Адамның бәрі бірдей емес. Сондай сын сағатта «қазақпын» деп жүрегі соққан мықты жігіттерге ғана сенім арттым. ЖЕҢЕТІНІМІЗГЕ қатты сендім. Сенімім ақталды. Қазақ жігіттері аман болсын!

Гүлмира ӘБДИМАНАПҚЫЗЫ



• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КҮРКІРЕП ӨТТІ-АУ СОЛ КҮНДЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанның үш ауданын Өзбекстанға қосып» деп тыйып тастады. «Мен әншейін қалжындап едім» деп әлгі ақталмақ болып еді. «Калжыңның түрін, бүкіл бір халықтың тағдыры шешіліп жатқанда» деп, дауысы бұрынғыдан да өктем шықты. Әлгіміз не керек, әрең құтылды.

Желтоқсанның 17-сі әлде 18-і күні «Саяхат» автовокзалынан Хасен Қожахметті кездестірдім. Кластасым Алтайдың туған бажасы болғандықтан, соның үйінде бір-екі рет дастарқандас болғанымыз бар, сонау 70-ші жылдардың басынан танушы едім. Толқын-толқын бұйра шашты Хасеннің бүгінгі кескін-келбеті маған ұнай қоймады. Ішін кернеген ыза-кек сыртқа шығып, тебірене сөйледі. «Атаңа нағлет, бәрін терезеден көрдік қой. Телевидениеден бізді сыртқа шығармады. Ұрғанын, соққанын. Әсіресе, қыздарды аясашы!» – дейді.

Ол сол кезде Л.Брежнев алаңы маңындағы телевизияда істейтін еді. Композиторлығы бар. Кроссвордтарын да ара-тұра редакцияларға әкеп беріп тұратын. Ол Есіктегі үйіне беттеді, мен Талғарға тарттым.

Кешікпей Хасен Қожахметтің қамауға алынып, ұсталғанын, оның үстінен іс қозғалғанын естідім. Уақыт төреші, бәрін де өз орнына қояды ғой. Кейін абақтыдан Хасен де босатылды.

Куратор қутқарған қыз

Газет-журналдардың бәрі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің редакция маңына орналасқан баспаханасында басып шығарылады. Баспаның кадрлар бөлімінің бастығы қызметіне көп жылдар бірнеше аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп, зейнеткерлікке шыққан, көпшілікке сыйлы да беделді бір азамат тағайындалған-ды. Сол кісі қолы бос, уақыты көп қой деймін, тұз ауа келеді де, бас редактордың кабинетіне кіріп алып шықпайды. Жасы үлкен кісі. Редактор да «жұмысым бар еді» деп айтпайды. Әйтеуір, не айтатыны белгісіз, отырып алатынды шығарды. Ол кісі іште отырғанда шаруасымен келген адам да бас редакторға баса-көктеп кіре алмайды. Оның үстіне отырған хатшы қыз да жібермейді. Әйтеуір, күнде

келіп, бас редактордың зығрданып шығарған болуы керек, бір күні басшымыздың өзі: «Ол кісі отырып алған кезде ішке біреулерің бас сұғып, жиналыс басталатын уақыт болды деп айтыңыздаршы» деп қызметкерлеріне ескертеді. Айтқандай-ақ, солай істейтін болдық. Ішке бас сұғып, айтқаннан әлгі кісі «Жарайды енді» деп, есікке қарай беттейтін болды. Редакторымыз қадірлі ағадан осылай «құтылды». Кейін түсінді-ау дейміз, келуін сиретті. Кірсе де «жиналыстарың бар шығар» деп, көп ұзамай жөнімен кететін болды. Күнде сағат бесте келесі күнгі газеттің мәкетін талқылаймыз. Оған редакция алқасы, бөлім меңгерушілері түгел қатысады. Одан іле-шала шығып жатқан газеттің «оттискі» сол құраммен тағы қаралып, сүзгіден өткізіледі. Әлгі аға осындайда кіріп алып, басшымыздың көп уақытын «жеп» қоюшы еді. Мәселе мұнда да емес. Ол кісінің мақтаныш кыл үнемі жиі айтатыны «Желтоқсан оқиғасына қатысқан бәлен деген жұмысшыны шығардым, түген дегенді жұмыстан қуғыздым» дегені болатын. Осы сөзді естіген көп жігіттер ол кісіні жақтырмай, оған суына қарай бастаған. Расында да, оның несін мақтаныш етеді дерсің?!

Қазір аты-жөні есімде қалмапты, өзі де көп істемеді, корректор болып бір қазақтың қызы келген-ді. Жиі ауырады. Жұмысқа жарамсыздық қағазын кәсіподақ комитетінің төрағасы болғандықтан, маған тапсырады. Бір күні білмек болып, сыр тарттым. Сонда көзіне мөлдіреп жас үйірілген әлгі қыз баланың біраз үнсіз отырып: «Аға, мен енді ешқашан жар сүйе алмаймын, жар сүйгенмен, мен... мен енді... ешқашан сәби сыйлай алмаймын» деп тіл қатқаны есімде. Бұл сөзді естігенде менің де көзіме жас үйіріліп, жүрегім сыздап, ләм-мим дей алмай, тілім күрмеле берген. Жағдайды бірден түсіндім. Сол кездегі Абай атындағы педагогикалық институтының көркем графика факультетінің үшінші курсында оқып жүрген ол студент құрбы-қыздарымен бірге әйгілі алаңға барған. Сарт-сұрт етіп, сауыт киген солдаттар шашынан сүйреп, ұрып-тепкілеп, машинаға тиегенін біледі, арғы жағы есінде жоқ. Есін камерада бір-ақ жиған. Қан-жоса боп жағалай отырған қазақтың кіл жастары. Қайсыбірі ауыр соққыдан ыңырсиды, есінен танып жатқаны, бүрсііп отырғандары қаншама!

Содан қудалау басталған. Шара



Қазір аты-жөні есімде қалмапты, өзі де көп істемеді, корректор болып бір қазақтың қызы келген-ді. Жиі ауырады. Жұмысқа жарамсыздық қағазын кәсіподақ комитетінің төрағасы болғандықтан, маған тапсырады. Бір күні білмек болып, сыр тарттым. Сонда көзіне мөлдіреп жас үйірілген әлгі қыз баланың біраз үнсіз отырып: «Аға, мен енді ешқашан жар сүйе алмаймын, жар сүйгенмен, мен... мен енді... ешқашан сәби сыйлай алмаймын» деп тіл қатқаны есімде. Бұл сөзді естігенде менің де көзіме жас үйіріліп, жүрегім сыздап, ләм-мим дей алмай, тілім күрмеле берген. Желтоқсан жүрегіне жара салған қыздың бірі еді бұл...

жұмыстан шығарасыз, қандай шара қолданғаныңызды бізге қағаз жүзінде мәлімдейтін болыңыз!» – деді өктем дауыспен. «Үш әріптің», сол кездегі қызметкерлері екенін түсіне қойдым. Директор әйел еш сасқан жоқ. Оларға: «Мен ешкімді де жұмыстан шығара алмаймын. Барса, олар алаңға жұмыстан кейін барды. Бізде ешқандай тәртіп бұзған жоқ. Олардың бәрі де еңбек озаты қатарындағы қыздар», – деді міз бақпай. Ойлап отырып қалды да, сәлден соң сөзін жалғайды. «Қанша күн болды, маза бермей келіп жүр. Тәртіп бұзбаса әрі жұмыстан кейін барса, барғанның өзінде де ешкімге ешқандай залал келтірмеген болса, мен қалай қыздарымды жазаламақпын?», – деді күйіне сөйлеп, шығып кеткен әлгілерді жазғыра. «Осы қазақ бауырларым қызық. Шаш ал десе, бас алатындары бар. Өзбекстанда мұндайға жол бермес еді!» – деді сөзін түйіндеп.

Бұған дейін директормен талай рет сөйлесіп, материал жазып, сұхбат алып жүргенде үнемі қазақша әрі мүдірмей таза сөйлейтін директор ханым ұлтын өзі айтпаса, білмейтінім анық еді.

Міне, содан бері отыз сегіз жыл жылжып өтті. Әйтсе де, сол сұрапыл күндер есімнен кетер емес. Тәуелсіздігімізге қол жеткізуімізге бұлақ бастаушысы болған қазақтың қайсар қыздарына, жасмайтын жігерлі жігіттеріне, жазықсыз құрбан болған «желтоқсандықтарға» мың тағзым!

Марат ӘБДІХАЛЫҚ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Қазақ журналистикасының қайраткері

Дәйекті сөйлеген директор

Желтоқсан көтерілісін басуға қатысқан, сол іспен айналысқан біраз кісілер сексенінші жылдардың соңына таман марапатталып жатқанда, ол марапатты алудан бір қазақ полиция қызметкері бас тартты. Ол баршаның есінде.

Сол жылдары газеттің өнеркәсіп, құрылыс және көлік бөлімін басқарушы едім. Алматыдағы барлық зауыт, фабрикаларда, көптеген өнеркәсіп, құрылыс орындарында болғаным бар. Сонда бірде Алматы кілем фабрикасы директорының кабинетінде сұхбаттасып отырған біздің үстімізге ай-шай жоқ екпіндете сарт-сұрт еткен екі-үш жігіт кіріп келді. Аман-саулық жоқ, бірден: «Сіз алаңға барған жұмысшыларыңызды қашан

қолдану жөніндегі тиісті орындардың жіберген қаралау қағаздары оқу орнына жеткен. Кураторы адамгершілігі зор бір орыс әйелі екен, әлгі байғұс мұны арашалап алып қалу үшін талай әлекке түсіп, шыр-пыр болыпты. Өділдігін айтып, жақсы оқитындығын, тәртібінің түзу екендігін желеу етсе де, ізіне түскендер көнбепті. Ақыры мұның қыр соңынан қалмайтынын білген кураторы бұған «арыз жазып, денсаулығына байланысты бір-екі жылға демалыс ал» деп ақыл-кеңес беріпті. «Сол кураторыма, орыс әйелге мың да бір рақмет!» – деді ол көзінің жасын тыйып.

Тепкіден жатыры зақымданыпты. Ота жасалынып, алып тастапты. Басы да қатты жарақат алған. Осылардың зардабы екен жиі ауыратындығы. Міне, бұл шындық. Дәл осы қыздың тағдырына ұқсас жайттардың көп болғанын жоққа шығара алмаймыз.

• ТАҒЫЛЫМ

ҰЛТАРАҚТАЙ БОЛСА ДА, АТАМЕКЕН ЖЕР ҚЫМБАТ

Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты.



Талай-талай хас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік үшін бабаларымыз не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалады.

Тәуелсіздік – ұлттың, тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. 1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері, міне, 33 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында

мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда.

Халқымыз бостандықты аңсап, тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның септігі аз болған жоқ. Студент жастардың көшеге шығып үндеу жасауы және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын. Қазіргі таңда тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты.

Алғашқы жылдары егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру басты мақсат болған еді. Ал бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың бойына патриоттық сезімді енгізуге ерекше көңіл бөлу керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы – парасатты саясаттың нәтижесі.

Ел болашағы – жастардың қолында. Аға буын өкілдері бізге зор сенім артып отыр. Біздің алдағы мақсатымыз – көсегемізді көгертіп, тәуелсіздік жалауын биікке көтеріп, айбынымызды жаһанға таныту. Мемлекеттің дамуына тыныштықтан артық, азаттықтан артық ештеңе керек емес. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен



Ғалым ЧИНГИСОВ,
Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның айқын бағыты болуы тиіс.

Тәуелсіздік – тек Қазақстан тұрғындары үшін емес, сонымен бірге, шетелдердегі қазақ халқының өкілдері үшін де маңызы зор мереке. Дана халқымыз: «Ұлтарактай болса да, атамекен жер қымбат, ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат», – деген екен. Иә, ата-бабамыз ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздік бізге құт боп кіріп, көкжиегімізді кеңейтіп, іргемізді бекітті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат, бәрінен ұлы. Біз тәуелсіздігімізді қастерлейміз, егемендігімізді құрметтейміз.

Биыл еліміздің Тәуелсіздігіне жол ашқан 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 38 жыл толып отыр. Осыған орай, Желтоқсан зерттеушісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Қазақстан Журналистер одағы және Қазақстан Жастар одағы сыйлықтарының лауреаты, белгілі жазушы Қайым-Мұнар Табеевтен осы көтеріліс туралы ой бөлісуді сұраған едік. Бұған дейін «Мұзда жанған алау», «Үш күннің дерекнамасы», «Қазақтың Желтоқсаны», «Алматы. 1986 жыл», «Қарағайдың қарсы бұтағы» сияқты кітаптарымен оқырманға жақсы таныс қаламгердің айтары да аз емес.

– **Қайым-Мұнар аға, желтоқсан дегенде есіңізге не түседі? Желтоқсан көтерілісі сіздің өміріңізде қандай із қалдырды?**

– Есіме көп нәрсе түседі ғой. Қайсы бірін айтайын. Ең алдымен алаңдағы арпалыс, қайсар жастардың жалаңаш қолмен қарулы әскер мен бронды машиналарға қарсы жүргені, қыздардың нақақ төгілген көз жасы... Ұмытыла ма? Жүректе сызы қалды ғой. Қазақтарға көрсетілген бұл зорлық-зомбылық Мәскеудің отаршылдық пиғылынан туғанын бүгінгі еркін ойлы ұрпақ біле бермейді. Тарихта «Құйын» операциясы деген атпен қалған қанқұйлы жазалау науқанын КПСС Орталық комитетінің Бас хатшысы Михаил Горбачев тікелей басқарып отырды. Көпшілік біле бермейтін мына бір құпия нұсқаумен таныссаң, өзін де түсінесің.

Өте құпия.

Мәскеу. 18 желтоқсан 1986 ж. сағ. 20.35.

Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Г.В.Колбинге

ТЕЛЕФОНОГРАММА

«1. 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында орын алған қоғамдық тәртіпті бұзуға және басқа да жағымсыз көріністерге байланысты, Қазақстанның партиялық және кеңестік органдары, сондай-ақ ИМ және МҚК қабылдаған шаралар мақұлданды.

2. Жағдай нашарлай бастағандай қауіпті кезең туса, әскери құрамдарды пайдалана отырып, Алматы қаласына коменданттық сағат енгізу қажет деп саналсын. КСРО Қорғаныс министрлігіне ОК Саяси Бюросының отырысында болған пікір алмасуды ескере отырып, ең қысқа мерзімде Алматы қаласында коменданттық сағат енгізуге дайындыққа байланысты қажетті іс-шаралар өткізу тапсырылсын.

КПСС ОК Бас хатшысы М.С.Горбачев.

Бұл нұсқау Мәскеуде 1985 жылы 19 желтоқсанда жасалып, жоғары шенді басшының сейфінде жасырын сақталған «Құйын» операциясының басталуына жол ашты. КСРО Ішкі істер министрлігі №0385-бұйрықпен «Қоғамдық тәртіпті бұзушы топтың іс-әрекетін болдырмау және алдын алу тактикасы» дейтін жедел қимыл жоспарын түзіп, дайын отырған болатын. Бұл жоспар бойынша Кеңестер Одағының кез келген түкпірінде ұлтаралық жанжал, террористік іс-әрекеттер бола қалған жағдайда, жан-жақтан ерекше әзірліктен өткен арнаулы әскерлер отряды бірнеше сағаттың ішінде оқиға орнына жеткізіледі.

Осы құжат негізінде «Қазақстандағы және Алматы қаласындағы қоғамдық тәртіпті қорғау мен төтенше жағдайда ішкі әскерлердің іс-әрекет амалы» деп аталатын жойқын жазалау шаралары іске қосылды. 18 желтоқсанда сағат 21.00-де демонстранттарды қуып-таратуға бұйрық берілді.

«Операцияға Новосібір, Фрунзе, Тбилиси, Ташкенттен жеткізілген 10 мыңға жуық арнаулы әскер, 3200 жергілікті милиция құрамы, МҚК Алматы шекарашылар училищесінің 320 курсанты, Алматы Жалпықоғамдық әскери училищесінің 689 офицері мен курсанты, 20 өрт сөндіруші машина, 15 БТР, 200-ден аса автобус пен автозактар, арнайы үйретілген күзетші иттер қатыстырылды. Экипировкада: шинель, құлақшын, каска, етік, қолғап, жүннен тоқылған жылылық, белдік және дубинка мен сапер күректері қолданылды. 24.00-де «Құйын» операциясы аяқталды. Әскерлер өте сауатты әрі батыл қимылдап, Брежнев алаңы мен жақын маңдағы көшелер бұзакшылардан толық тазартылды. Қақтығыс кезінде 155 автобус пен жеңіл машинаға зақым келтірілді, 24 әскери техникалық көлік құралы қирады, су шашқыш 10 машина ортенті.

ҚазКСР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Эрнест Басаров».

Сонымен қатар, 8 мыңдай демонстрантшы қамауға алынып, 768 адам жарақат алды, олардың 204-і ауруханаға жатқызылды. Алды ату жазасына кесілді, арты 15 тәулікке қамалды. Мәліметтің толық болмағаны себебі – жазалаушы әскерлер жаралылардың басым көпшілігін автозакпен қала сыртына алып шығып, қар үстінде қалдырып кетті. Ал, олардың бәрі дәрігерге қаралуға қорқып, ұзақ уақыт үйлерінде жатты. Қала көшелерінде әскери тәртіптің үрейлі елесі апта бойы кезіп жүрді. Кез келген бұрыштан қызыл шүберек тағынған құтырылған жасақшылар үйірі мен милиция топтарын көруге болатын

еді. Қысқаша айтқанда, Желтоқсанның зардабы осындай.

– **Сол күндері Қазақстан басшыларының көзқарасы қалай болды? Олар Мәскеуге ешқандай қарсылық көрсете алмады ма?**

– Қайдағы қарсылық көрсету? Керісінше, бас көтерген қазақтарды қосыла жазалады емес пе! Қонаев орнынан кете салысымен, Кремль кожайындары бүкіл билікті өз қолдарына алды. 17-18 желтоқсан күндері Брежнев алаңындағы қан майданды КСРО ІМ Ішкі әскерлер бастығының бірінші орынбасары Дубиняк пен КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары Елисов басқарды. Жергілікті күштік құрылымдардың іс-әрекетін ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Назарбаев пен Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, генерал-майор Басаров қадағалап отырды. (Ішкі істер министрі



Қасымда сіңлім жылап отыр. Айналамыз толған жаралылар. Жылап-сықтап көмек сұрағандарды естігенде, төбе құйқаң шымырлайды.

Алдында ГАИ, сонында мотоатқыштар ілескен жүздеген автобус пен жүк машинасы жастарды Қаскелең бағытындағы құм қарындасына, біразы Қапшағай мен Медеу шатқалына апарып төккенінен былайғы жұрт хабарсыз еді. Оңбай тақ жеген қыз-жігіттер жау-жалпылап, жартылай жалаңаш, қысқы аязды түнде қалаға әрең жеттік...».

Ирина МЕНЬШИКОВА, жедел жәрдем ауруханасының дәрігері: «17 желтоқсан күні №2 қалалық ауруханада түнгі кезекшілікте отырғаныма, шамамен жиырма жастағы қазақ жігітін әкелді. Оған алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілмеді. Себебі бірінші кезекте милиция мен

апаруға да рұқсат бермей, ақыры тауар таситын поезбен жөнелеті.

Сол сияқты, Алматы дәрігерлер институтының студенті Кенжегүл Молданазарова да 18 желтоқсан күні әскерилердің ойранына тап болған. Байланыс техникумында оқитын немере сіңлісі Анар Бадренованы іздеп, алаңға барған екен. Екеуі де оңбай таяқ жеп, ауруханаға түсіпті. Анар аз күн жатып, сауығын шығады. Ал, Кенжегүл дертінен айықпаған күйі ауылына қайтып кетеді. Содан Арыс, Шымкент қалаларындағы емханаларға қаралды. Жарасы тіпті ушығып кеткен соң, Ташкентке баруына тура келеді. Алайда бас тамырлары қатты зақымданғаны тым көп анықталып, ота үстінде қайтыс болады.

ҚазПИ-дің студенті Бақытгүл Мырзагазина да 17 желтоқсанда алаңда болғаны анықталып, оқудан шығарылады. Ол өзінің туған еліне, Торғай облысы Жанкелдин ауданына кетеді. Тергеулегі ұрып-соғудан екі бүйрегі бірдей зақымданған Бақытгүл көп ұзамай бақилық болды.

Парламенттік комиссияға Балмерке Әлібекова деген әйел құрбысы Бақыт Махамбетованың тергеу изоляторында жәнтәсілім еткенін ашына жазады. Екеуі жерлес, Көкшетау облысы Арықбалық ауданынан. «20 желтоқсанда Бақыттың жатақханасына іздеп бардым, дейді ол. Сөйтсем, жанындағылардың айтуы бойынша, ол үш күннен бері келмейті. Біреулердің ақилымен Калинин аудандық ішкі істер бөліміне барып сұрастырдым. Кезекші милиционер ондай адам жоқ деп қысқа жауап берді. Бір кезде дәліздегі уақытша қамау бөлмесінің еденінде жатқан екі жігіт пен бір қызды көріп қалдым. Үшеуі де қимылсыз еді. Сол сәтте қасыма келген бір орыс офицері неғып жүргенімді сұрады. «Ишу сестру» деп торды ұсқадым. Ол кезекшіден кілтті алып, ішке кірді де қыздың бетін бері аударды. Бақыт! Жүрегім тоқтап қала жаздады. Милиционер сырт киімінді қалтасынан студенттік билет тауып алып, маған көрсетті. Билетте Бақыт Махамбетова деп жазылыпты. «Она?». Басымды изей беріппін. Бірнеше күннен кейін туыстары келіп, мәйітін Көкшетауға алып кетті...».

әскерилерді емдеу бұйрылды. Нейро-траматология бөлімінің меңгерушісі Рославцев ертеңінде ол жігіттің қайтыс болғанын айтты. Ал 21 желтоқсанда ауыр жаралы тағы бір қыз қайтыс болды. Кейін не болғанына хабарсызбын. Олар туралы мәліметті аға медсестра Валентина Ивановна ғана білетін».

С.БИЕКЕНОВА, №4 қалалық емхана медбикесі: «Коленаев деген врач қазақтың қыздары мен жігіттерін мүлде қабылдамауды тапсырды және өзі қатаң қадағалап жүрді. Ал қазақтар

Комиссия сарапшылары кейінірек ҚазМУ-дің тарих факультетінің студенті Махамбетова Бақыттың желтоқсан күндері қайтыс болғанын анықтады. Алайда Калинин ауданы прокуратурасының тергеушісі Дюдокин «қылмыс құрамының болмауына байланысты» деген сылтаумен бұл факт бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарттыты.

Жоғарыда айттым, бұл қыздар Желтоқсан құрбандарының ресми санатына енген. Жазықсыз жала жабу мен болмаған қылмысты «болды» дегізген МХК тергеушілерінің озбырлығына шыдамай, жындыхана керуетіне таңылған жандар да аз емес. Соның бірі – 1967 жылы Шымкент облысының Қапыланбек ауылында туып, Талдықорған облысының Тельман ауылында өскен Клара Балғабаева деген ҚазМУ-дың студенті. Солдаттардың тепкісінен есі ауып құлаған Клараны дәрігерлер Кабуковадағы «жындыханаға» апарып салғанын әкесі Тілеуберген 1987 жылдың көктемінде бір-ақ біледі. 14 жыл бойы көрмеген азапты көріп, ақыр соңында бақилық болған арудың ауыр тағдыры туралы айту да оңай емес... Осы деректер де жетер.

– **Жуырда Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызы туралы сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасы бойынша екі кітабыңыз жарық көріпті. Құмты болсын! Сол туындыларыңыз туралы қысқаша тоқталып өтсеңіз.**

– Алматыдағы «Сардар» баспасынан шыққан «Құйынға түскен ғұмыр» кітабы толықтай Желтоқсан тарихына арналған. Ал, Қарағандыдағы «Tengri Ltd» баспасынан шыққан «Ең соңғы майдан» жинағымда Жаңаөзен, Шаңырақ, Қордай оқиғаларын қамты отырып, 2022 жылғы Қаңтар қасіретімен аяқталды. Мұнда қазақ қоғамындағы тәуелсіздік жылдарындағы саяси-әлеуметтік маңызды зор демократиялық қозғалыстардың шығу себептері мен салдарын кеңінен таразылауға тырыстым. Маңызы жағынан ауқымды, тамыры тереңде жатқан күрделі тақырыптар құпия архивтік құжаттармен кестеленіп, сол уақытта ел басқарған лауазымды басшылар мен қатардағы қуаларды сөйлету арқылы тарқатылып көрсетілді.

Бұл кітаптар Жаңа Қазақстан құруды мақсат тұтқан еліміздің ендігі жаңа тарихын түзу барысында – Ұлы Тәуелсіздіктің қандай қиындықтармен келгенін жас ұрпаққа түсіндірумен қатар, азаттықтың ақ таңын көрмей кеткен боздақтар алдындағы ескерткіш десе де болады. Кәстерлі Желтоқсан халықтың мәңгілік жүрегінде екенін естен шығармағанымыз абзал.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«ЗАҢ газеті»

86-НЫҢ ЖЕЛТОҚСАНЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ

...Жазықсыз жала жабу мен болмаған қылмысты «болды» дегізген МХК тергеушілерінің озбырлығына шыдамай, жындыхана керуетіне таңылған жандар да аз емес. Соның бірі – 1967 жылы Шымкент облысының Қапыланбек ауылында туып, Талдықорған облысының Тельман ауылында өскен Клара Балғабаева деген ҚазМУ-дың студенті. Солдаттардың тепкісінен есі ауып құлаған Клараны дәрігерлер Кабуковадағы «жындыханаға» апарып салғанын әкесі Тілеуберген 1987 жылдың көктемінде бір-ақ біледі. 14 жыл бойы көрмеген азапты көріп, ақыр соңында бақилық болған арудың ауыр тағдыры туралы айту да оңай емес...

Князев қулыққа басып, ауруханада жатып алды).

Шығыс транспорттағы ішкі әскер бастығының орынбасары, генерал-майор Н.Куликов (шығыс бағытты), Алматы қалалық ПБ бастығының орынбасары, полковник К.Мусин (батыс бағытты), ҚазКСР Ішкі істер министрінің орынбасары Б.Коржиков (солтүстік бағытты) толық бақылауға алып, демонстранттарға ауық-ауық шабуылдап отырды. Алаңдағы жағдайдың қандай ауыр болғанын сезіну үшін куәларды тындап көрейік.

Марат ТОҚҚОЖИН, №7552 әскери бөлімнің взвод командирі: «От ударов дубинками, палками, саперными лопатками люди падали замертво. Я увидел более 100 человек, разбросанных по всей площади и лежащих окровавленных без движения. За нами следом шли, бежали и другие военнослужащие, которые добивали лежащих людей. После побитых людей погрузили в машины и увезли».

Ақмарал ҚАНТӨРЕЕВА, Алматы облысы, Сарыөзек ауылындағы аурухананың дәрігері: «Мен 17 желтоқсан күні Алматыға қидырып келіп, сіңлім Балкен екеуміз алаңда не болып жатқанын көру үшін сағат 21.30 шамасында Байсейітова көшесі жағынан келдік. Кенет бізге қарай солдаттар лап қойды. Қолдарында қалқан мен сапер күректері. Бір дәу солдат жанымызда жайбарақат тұрған қызды күректің қырымен басынан дәлден ұрды. Қыз құлап түсті. Мен «Я медик! Я медик!» деп айқай салып, жүгіріп бардым. Балкен екеуміз қызды шетке шығарып, үй қабырғасына сүйеп отырғыздық. Бірақ, күре тамырдан қаны атқылап тұрған бейшара қыз бірден жәнтәсілім етіпті. Мен жақын жерде тұрған офицерге болған жағдайды айтып едім, ол жалт қарады да: «Ладно, мы сами разберемся! Вы все идите отсюда!» деп бізді қуып жіберді. Артыма қарасам, еңгезердей екі солдат қызды дырылдатып сүйреп бара жатыр екен...».

Александр ВОЛКОВ, №7552 бөлімнің прапоршигі, қару-жарак жөніндегі техник: «1986 жылдың 21 желтоқсанда Орта Азия және Қазақстан бойынша ішкі істер басқармасында өткен жиында оперативті бөлімнің қызметкері, полковник Щербатов 168 адамның қайтыс болғанын хабарлады. Оның 8-і әскерилер, 4-еуі шекарашы-курсанттар, 1-еуі Алматы милиция гарнизонынан. Қалғаны демонстранттар...».

Желтоқсан көтерілісін зерттеу жөніндегі комиссияға жазған түсініктемесінен кейін прапоршигі А.Волков Владикавказ әскери округі жақтағы бір бөлімге шұғыл ауыстырылды. Оның



айтқандарын анықтау мүмкін болмады.

Комиссия жинаған дәрігерлік анықтамалардан: «У пострадавших демонстрантов имеются резано-рубленные раны. Пострадало 528 сотрудников МВД и военнослужащих; из них госпитализированы 161 чел. (сотрудники МВД – 93, военнослужащие – 68). Гражданских лиц пострадало 437, из них 129 госпитализированы».

Кейінірек анықталғандай, зардап шеккендердің қатары тергеу органдарындағы ресми көрсеткіштен 465 адамға артық болып шықты. Өртүрлі дәрежеде жарақат алған 1233 адам ауруханаға түсті. 17 адам ауыр жағдайда, 3 адам ауыр халде жеткізілді, үшеуі де қайтыс болды.

Г.БАЛАНОВСКАЯ, жедел жәрдем фельдшері: «Мен 17 желтоқсанда алаңда сағат 18-ден 24-ке дейін кезекшілікте болдым. Жараланғандар қатары өте көп еді. Әсіресе, қыздардың қарасы мол болатын. Барлығы да қардың үстінде сұлап жатты. Ес-түссіз жатқан екі қыздың халі тым ауыр еді. Олардың қайда жіберілгенін анық білмеймін. Жалаңдаған солдаттар жүздеген адамды автобустарға тиіп, сыймағандарын жүк машиналарына лақтырып, әкетіп жатты».

Куәгер Ләйлә ҚҰСПАНОВА: «Көңілімізде бөтен ой жоқ, кешке таяу алаңда не болып жатқанын өз көзімізбен көру үшін сіңлім екеуміз келіп, бір шетте қарап тұрдық. Қара-құрым адам. Әскер де көп. Бізге қарап, қолдарындағы дубинкаларын, сапер күректерін көтеріп, сес көрсетіп қояды. Кенет екі қанатта тұрған милиционерлер бізге қарай лап қойды. Мұны күтпеген біз қашып үлгерме алмай қалдық. Бетімізге, ішімізге, бүкіл денемізге ауыр соққылар тиіп жатыр. Етік пе, дубинка ма, айырудан қалдық. Бір кезде есімді жисам, алаңда қар үстінде жатыр екем.

• СОТ СӨЙЛЕСІН

«Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дейді бабаларымыз. Расында, көпшілік болып кеңесіп жатса да, істе кемшіліктің болмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Соны ішінде кассациялық сотты жаңғырту мәселесі біраздан бері қоғам ішінде талқыланып жүргені белгілі.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ - ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Отандық бизнес өкілдерімен кездескен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кейіннен бұл мәселеге жан-жақты үңіліп, сот саласын жандандыру, кассациялық сатының жұмысын қайта қарау бойынша құзырлы органдарға тапсырма берген болатын. Осы бағытта жүргізілген ауқымды жұмыстар нәтижесінде елімізде дербес үш кассациялық соттың құрылатыны айқындалды.

Сот саласына серпін берген бұл бастамалардың қолға алынуы 2024 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының қабылдануы түрткі болды. Жақында Президент «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңға енгізілген жаңа өзгерістерге қол қойды. Бұл заң кассациялық соттың қызметіне қатысты барлық қадамдарды заңдық тұрғыдан реттеуге көмектеседі.

Бүгінде дербес кассациялық соттардың жұмысын жүйелеп, білікті, тәжірибелі судьяларды іріктеу бойынша іргелі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен бірге, сот құрылымы кассациялық соттарға қатысты жаңашылдықтарды халыққа таныстыру, түсіндіру бойынша да ауқымды жұмыстарға бастамашы болып отыр. Қазіргі кезде әрбір сотта кассациялық соттардың қызметін, жұмыс тәртібін талқылауға байланысты дөңгелек үстел, семинарлар өтіп, судьялар жаңашылдықтары әлеуметтік желілер мен ақпарат құралдарында жан-жақты насихаттауда. Бұл заңдағы жаңашылдықтарды халық біліп қоймай, өз құқығын қорғауда тиімді пайдалана алуы үшін де керек.

Жалпы, Астана қаласында құрылатын үш дербес кассациялық сот 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмы-

сына кіреседі. Мұндай жаңашылдық Жоғарғы Соттың да функциясын өзгертенін айта кеткеніміз жөн. Яғни, келер жылдан бастап Жоғарғы Сот істерді тек ерекше жағдайларда: Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы немесе Бас Прокурордың наразылығы бойынша ғана қайта қарауы мүмкін. Бұдан бөлек, енді Жоғарғы Сотқа республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарау, сот практикасы мәселелері бойынша түсініктеме беру, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру, оқылықтарды, заң қайшылықтарын жою міндеті жүктеліп отыр.

Ал кассациялық соттар енді «таңдап қарау» принципімен емес, «жаппай қарау» қағидасына сай істерді қарайды. Жұмыс сапасын қамтамасыз ету үшін кассацияда істерді қарау мерзімі ұзартылды. Бірақ ол 6 айдан аспауы керек.

Кассациялық соттар сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге, құқықтық дауларды шешуде әділдік пен бейтараптықты нығайтуға және құқық қорғау органдары мен азаматтардың құқықтарын тиімді қолдануға бағытталған. Бұл институт елдегі құқықтық мәдениетті арттырып, заң үстемдігін нығайтады. Сондай-ақ кассациялық сот – әділдікті қамтамасыз етудің, құқықтық дауларды қарауда қателіктерді болдырмаудың кепілі. Сайып келгенде, бұл реформа елдің құқықтық дамуы мен демократиялық принциптерді нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Сұлушаш МАХАМБЕТОВА,
Шалқар аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

• ҮЛГІ

ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ МАҚТАНЫШЫ

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек аудандық музейінде танымал заңгер, доғарыстағы судья Ғалихан Бапақовтың 75 жылдық мерейтойына орай «Туған өлкенің мақтаншы» атты тақырыптық көрме өтті.



Осы өңірдің тумасы Ғалихан Айдынғалиұлы еңбек жолын өзі түлеп ұшқан Ұзынкөл ауылындағы орта мектепте мұғалім болып бастаған. Кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті департаментінің директоры лауазымына дейін көтерілген. Құқық саласындағы абыройлы қызметі үшін «Қазақстан Республикасының Құрметті судьясы» атағына ие болып, «Үш би» төсбелгісімен марапатталған, Кеңес Одағы мен Қазақстан Республикасының он төрт медалін өңіріне таққан.

Көрмеге мерейтой иесінің музей қорында сақталған жеке құжаттары мен қолданыста болған заттары, фотосуреттері, Ғалихан Бапақов туралы БАҚ бетінде жарық көрген мақалалар мен кітаптар, анықтамалықтар мен энциклопедиялар қойылып, жұртшылық назарына ұсынылды. Шара барысында Ғалихан Бапақовтың өзі Астана қаласынан экран арқылы осынау басқосуға жиналған жерлестеріне жүрекжарды лебізін жолдады. Туған топырақтан түлеп ұшқан абзал ағаның өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, адамгершілік қасиетін дәріптей

отырып, өмірге деген сүйіспеншілік, құштарлық сезімін оятып, өз елінің патриоты болуға, Отанды сүйуге тәрбиелеу мақсатын көздеген шараға жергілікті тұрғындар, еңбек ардагерлері, мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысты.

Іс-шара барысында арнайы шақырылған Амангелді Мырзағалиұлы, Бекет Әліпқалиұлы, Ержан Бекетұлы, Қасымғали Асанғалиұлы, Бәтима Әліпқалиқызы, Аққаным Әбдіғалиева, Темірхан Айдынғалиұлы, Мейрамхан Темірханұлы сөз алып, Ғалихан Айдынғалиұлына ізгі тілектерін арнады. Кеш қонақтарының құрметіне аудандық балалар саз мектебінің оқытушылары күмбірлетіп күй шертіп, әуелетіп ән шырқап, мерейлі шараның ажарын аша түсті. Қонақтар осынау көрмені ұйымдастыруға ұйытқы болған музей ұжымына алғаусыз алғысын жеткізді.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облысы тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі

• КӨЗҚАРАС

АЖЫРАСУ – БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА АУЫР СОҚҚЫ

Отбасы – некелік одақ пен туыстық байланысқа негізделген шағын топ. Отбасында бала дүниеге келіп, тәрбие алады, жеке адам ретінде қалыптасады, сол арқылы ұрпақ жалғасып, заман одан әрі дами түседі, қоғам жаңарады. Кез келген өркениетті қоғам отбасылық қарым-қатынастардан басталады. Отбасы болмаса, қоғамның болашағын да елестету мүмкін емес. Әрбір адам үшін отбасы – барлық бастамалардың бастауы.



Жанна НУРСАЛИНОВА,
Шығыс Қазақстан облыстық соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы

Ел Конституциясында қарастырылғандай, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекет қорғауында. Қазіргі уақытта ажырасу жиі кездесетін құбылыс болып отыр. Некенің бұзылуына себеп көп. Бір қарағанда, мұндай даулар қарапайым болып көрінгенмен, ажырасудың себебін мұқият зерттеу қажет. Себебі оның артында баланың болашақ тағдыры тұр. Ажырасу барысында балалар мүддесі көбінесе ата-ана амбициясының көлеңкесінде қалып қояды.

Отбасы бұзылған кезде баланың психологиясы өзгереді, болашаққа деген қорқыныш белең алады. Бала ата-анасымен қарым-қатынас жасауда күйзеліске түседі. Көп жағдайда бала ата-анасының арасында болған жағдайды түсінбей, оның себебін өзінен іздейді де, бұл кейде суицидке және басқа да қайғылы салдарға әкеп соғуы мүмкін.

Әрбір адам бақыт ұғымын, ең алдымен отбасымен байланыстырады. Өз үйінде бақытты болған адам расында да бақытты. Әр бала отбасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана алаңсыз ержетеді. Ал отбасы бұзылған жағдайда моральдық жағынан ең бірінші балалар зардап шегеді. Сонғы уақытта балалардың ата-анасы мен туған-туыстары тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы да жиі кездеседі.

Ажырасу процесінде ата-аналар көбінесе балалардың мүддесін назарға алмайды. Сот практикасынан мысал келтіретін болсам, некені бұзу процесінде балалардың, нақтырақ айтқанда, екі жас қыздың тұрғылықты жері туралы мәселе шешілді. Әкесі балалардың анасының жеңіл жүріске бейім екенін, бұл тәрбиеге кері әсер

ететінін көрсетіп, балалардың өзімен бірге тұруын талап етті. Сот отырысында балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы шешімнің салдарын ұзақ түсіндіргеннен кейін әкесі балалардың анасымен тұруына өз еркімен келісім берді. Істің мән-жайы бойынша балалар әлі жас әрі қыз балалар, олар ерекше күтімді қажет етеді, алдағы уақытта жыныстық жетілу кезеңі болады, бұл жағдай да оларға неғұрлым мұқият қарауды және ерекше күтімді талап етеді. Оның үстіне, әкесі сотқа балалардың анасының лайықсыз мінез-құлқы туралы ешқандай құжаттық дәлелдеме ұсынған жоқ. Талаптар азаматтың бұрынғы жұбайына деген жағымсыз көзқарасы мен қате түсінігіне негізделген болатын.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, некені бұзу мәселесі бойынша шешім қабылдаған кезде соттар баланың тұрғылықты жерін анықтау және оны материалдық қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударады. Бұл ретте, сот ата-аналардың қайсысы балаға көбірек қамқорлық жасайтынын, ата-ананың жасы мен баланың оларға деген сүйіспеншілігін, ата-ананың жеке қасиеттерін, тиісті материалдық-тұрмыстық жағдайы мен моральдық-психологиялық атмосфераны құру мүмкіндігін ескереді.

Ерлі-зайыптылар ажырасқан соң баланың нақты кіммен тұратынын ата-анасы өздері шеше алады. Бұл ретте, баланың тұрғылықты жері туралы келісімді сотқа ұсынады, ал ата-анасы мұндай келісімге келмесе, баланың тұрғылықты жерін сот анықтайды. Бірақ бұл бала тек ана-

сымен немесе әкесімен ғана сөйлеседі дегенді білдірмейді. Бөлек тұратын ата-аналар баламен араласуға бірдей құқылы. Сот шешім қабылдаған кезде әкесі мен шешесінің өз баласына қатысты құқығы мен міндетінің теңдігін, сондай-ақ баланың мүддесін негізге алады және он жасқа толған баланың пікірін міндетті түрде ескереді.

Ата-анасы ажырасқаннан кейін баланың өзіндік әлемі бұзылады, адальдық пен сенімділік сезімі жоғалады, ол өзін қауіпсіз сезінбейді. Бала өзінің жас ерекшелігіне қарай, мұндай күрделі сезімдерді түсіне алмайды және оны сөзбен жеткізе де алмайды. Осының салдарынан бала болашақта өзіне сенімсіз, агрессивті болып өсуі мүмкін.

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, зиялы қоғамның алтын діңгегі. «Адам өміріндегі ең үлкен қазыныш – бала сүйу», – деген екен қазақтың батыр ұлы Б.Момышұлы. Сондықтан, ата-аналар ажырасу туралы шешім қабылдағанда осы процестің салдарына тек өздері үшін емес, ең алдымен балалары үшін жауапкершілікпен қарауы тиіс!

• ПАЙЫМ

Биыл республика судьяларының ІХ съезі өтті. 1996 жылдан бері әр төрт жыл сайын ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі қазылардың басын қосатын бұл жиындардың сот қауымдастығы үшін орны бөлек. Себебі отандық сотта қолға алынған озық реформалардың, жүзеге асқан үздік жобалардың көпшілігі осы съездерден бастау алған болатын.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Кассациялық сатының жұмысын жандандыруға қатысты мәселенің де сот қауымдастығы арасында біраздан бері талқыланып жүргені белгілі. Биылғы съезге қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот қызметіне жоғары баға беріп, кассациялық соттың жұмысына айрықша тоқталды.

Судьялар қауымының ортасында сөз алған Мемлекет басшысы: «Кассациялық соттар өз қызметіне келесі жылдың 1 шілдесінен бастап кіреседі. Қазір оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу маңызды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керек. Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция

тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады», – деп кассациялық соттың жұмысына үлкен сенім артатынын атап өтті.

Үш дербес кассациялық сот Астана қаласында құрылып, келер жылдың 1 шілдесінен бастап қызметіне кіреседі. Құрамына тәжірибелі, білікті судьялар іріктелген бұл соттар енді істерді үш судьядан алқалық құрамда қарап, төрелік жасайды. Осы тұста кассациялық сатыға қолжетімділікті кеңейту үшін біраз өзгерістердің орын алғанын айта кеткеніміз жөн. Мәселен енді талап қою сомасы 2 мың АЕК-тен кем болған кезде жеке

тұлғалардың және талап қою сомасы 30 мың АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз қылмыстар бойынша шектеулер алып тасталады.

Кассациялық соттар ҚР Президентінің өңіраралық сот мәртебесі бойынша құрылады. Сәйкесінше, бұл соттар істер мен материалдарды кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды. Сонымен бірге, оның құзырына сот практикасын зерделеу және оның қорытындыларын бойынша төменгі тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтарды сақтауына қатысты сараптама жүргізу кіреді.

Дербес кассациялық соттың жұмысынан күтеріміз көп. Бұл соттардың дамуы елдегі құқықтық мәдениетті арттырып, заң үстемдігін нығайтуға өз үлесін қосары, сонымен бірге көпшіліктің сотқа деген сенімін арттырады күмәнсіз. Ал сот жұмысының негізгі мақсаты – азаматтардың алғаусыз ризашылығы мен айрықша сеніміне ие болу екені белгілі.

Лаура НУРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзшылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

25. Сібір жарасы – аса қауіпті жұқпалы ауру
Сібір жарасы – бұл қоздырғышы Bacillus anthracis спора түзуші бактериясы болып табылатын жануарлар мен адамның жіті жұқпалы ауруы. Сібір жарасының үш түрі бар: терілік, өкпелік және ішектегі. Терілік түрі басым, сирек-сепсис құбылыстары (шпурі) бар өкпе және ішек түрі. Бұл ауру адамға ауру жұқтырылған жануардың терісімен және жүнімен жанасудан немесе ауырған малдың етін тұтынудан жұғуы мүмкін.
Сібір жарасын адамға жұқтырушы ол – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы малды сою, терісін өңдеу кезінде ластанған топырақты егістікке қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды.
Аурудың инкубациялық кезеңінің орташа ұзақтығы 2-3 күнді құрайды, бірнеше сағаттан 8-14 тәулікке дейін ауытқуы мүмкін. Ауру тез басталады; алғашқы сағатта – дене температурасы

38-40 градусқа дейін күрт жоғарылайды және организмде әлсіздік байқалады.
Симптомдары: қатты бас ауруы, жоғары дене қызуы, жалпы әлсіздік, ісіну мен қышудың тез өсуімен қарбункул пайда болуы (тері зақымданғанда) кеуде ауруы өкпе түрі жағдайында). Егер емдеу уақытында басталса, науқастар сауығады. Сирек жағдайларда ауру ағымы ішек, өкпе немесе септикалық түрлермен асқынады. Аурудың ауыр ағымы бар және ол науқастың өліміне әкелуі мүмкін. Сондықтан сібір жарасына күдікті болса дәрігерлерге міндетті түрде хабарласу қажет. Емдеу тек стационар жағдайында жүргізіледі. Дәрігерлер антибиотиктерді немесе алдын алу үшін қолданбауды ұсынады.
Түркістан облысы бойынша Келес аудандық дезинфекциялық секторының ұсқаушы дезинфекторы Қ.А.Ынтымахов

• ШАРА

Алматы қаласындағы №187 жалпы білім беретін мектепте «Тәуелсіздік – мәңгілік ел мұраты» атты тарихи-танымдық мерекелік шара өтті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шараға мектеп директоры Риза Мырзаханова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Әйгерім Дүйсенгазина, Зарина Нарбекова, сонымен бірге тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Айбол Абашов, Жұмақұл Мұхатаева жетекшілік етіп, ұлық мерекенің маңызды оқушыларға жан-жақты түсіндіруді мақсат етті.

Аталмыш шараға Желтоқсан ардагерлері арнайы шақырылды. Тәуелсіздікті жақындатқан Желтоқсан көтерілісінің қазақ тарихында орны зор. Осы оқиғаның тірі куәсі болып, желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін түрлі қудалауға ұшырап, қиындық көрген батырлардың естеліктерін тындау балаларға зор пайдасын тигізеді зері анық. Кеш барысында Желтоқсан куәгерлері Ерлан Мыржықбаев, Маржанқұл Испанқұлова, Болат Дүйсебаев, Нұрсағиға Мырзақанова, Кұлбақыт



Құрманжанова, Серкан Мұқамбаев, Жайық Құсанова, Майрағұл Қайырбекова, Төреғали Қасабеков, Ұлбала Тілеуқызы, Шолпан Мырзағалиева, Ерлан Нұрмұханбетов, Гүлмира Нұрмұханбетова, Қанат Нүсіпбеков, Ляз-

зат Тойғанбаева, Жанболат Өмірбеков, Шолпан Майхарина, Анар Мұхаметжанова, Ләззат Мұхатаева қатысты. Келген қонақтар ұжымға өздерінің жылы лебізін білдіріп, Желтоқсан оқиғасының естеліктерімен бөлісті.

Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. Шара соңында мектеп оқушылары қонақтарға өз өнерлерін көрсетті. Сонымен бірге мұғалімдер мен оқушылар қазақтың екінші гимніне айналған «Атамекен» әнін хормен орындап, қонақтардың қошеметіне ие болды.

Жұмақұл МҰХАТОВА,
№187 мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАРАТҒУ

2. «Orbis Agro Manufacturing» ЖШС (БСН 200940030749) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 120, тел. 87755074444.

